

**REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 2224-5227

Volume 1, Number 305 (2016), 45 – 48

UDC 645.545.69

**THE INFLUENCE OF SURFACE ACTIVE AGENT  
ON CEMENT-RAW SLUDGE**

**Kerimbekova Z.M.<sup>1</sup>, Eshaieva E.B.<sup>2</sup>, Akilbekova Zh.N.<sup>3</sup>, Shapalov Sh.K.<sup>4</sup>,  
Taubaev N.A.<sup>5</sup>, Zhumatayeva S.B.<sup>6</sup>, Oralbekova L.M.<sup>7</sup>**

M. Auezov South Kazakhstan State University, c. Shimkent, Kazakhstan<sup>1,4,5,6,7</sup>  
Regional of Social Innovative University<sup>2,3</sup>  
Zaurekul Maidanbekovna1973@mail.ru

**Keywords:** Surfactants, sludge, moisture, tannin-containing material, hard extract, lignosulfonatmagnesium

**Abstract.** Basic criterion of chemical reagents influence is decrease of humidity of the cement raw material slag. In the article described to surfactants of Shymkent city and Sastobe cement concentration with salts and surfactants of water and mix up raw material under act of different slag.

ӘОЖ 645.545.69

**ЦЕМЕНТ ШИКІЗАТ ШЛАМЫНА БЕТТІК  
АКТИВТІ ЗАТТАРДЫҢ ӘСЕРІ**

**Керимбекова З.М.<sup>1</sup>, Ешаева Э.Б.<sup>2</sup>, Ақилбекова Ж.Н.<sup>3</sup>, Шапалов Ш.К.<sup>4</sup>,  
Таубаев Н.А.<sup>5</sup>, Жуматайева С.Б.<sup>6</sup>, Оралбекова Л.М.<sup>7</sup>**

M. Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университеті, Шымкент, Қазақстан<sup>1,4,5,6,7</sup>  
Аймақтық әлеуметтік–инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан<sup>2,3</sup>  
Zaurekul Maidanbekovna1973@mail.ru

**Түйін сөздер:** Беттік-активті заттар, шлам, ылғалдылық, танинқұрамды зат, қатты экстракт, лигносульфонатмагний.

**Аннотация.** Химиялық реагенттердің сұйылтуға тишелтін әсерінің негізгі критерииі цемент шикізат шламының ылғалдылығын төмендету болып табылады. Жұмыста Шымкент және Сас-Төбе цемент шикізат шламының БАЗ-дың әр түрлі концентрацияда,  $Na_2SiF_6$ , NaF және тұздармен аралас беттік-активті заттардың әсерінен су сініргіштігінің төмендеуі көрсетілген.

Әр түрлі сұйылтқыштарды дұрыс пайдалану көмегімен, қазіргі уақытта цемент шикізат шламының ылғалдылығын төмендету бағытын меншікті отын шығының азауына және цемент зауыты пешінің өнімділігінің жоғарылауына БАЗ-дың тигізетін әсері зор.

Осы салада қазіргі кезде беттік-активті заттар (БАЗ) цемент өндірісінің шикізат шламына сұйылтқыш ретінде колданылады.

Өндіріс қалдықтарын аралас коспа ретінде және олардың негізінде алдын-ала белгіленген механикалық қасиеттері бар жаңа материалдарды қолдану, ғылыми-техникалық прогрессінің басты міндеті болып табылады.

Беттік-активті заттар әртүрлі құбылыстарда, әртекті процестердің ағымында үлкен рөл атқарады және үлкен практикалық мәнге ие болуда. Өндірістен жыл сайын шамамен 5млн.тонна БАЗ шығарылады. Беттік-активті заттар мұнай өндіріске, химияда, лак-бояу өндірісінде, құрылымдарда өндірісінде, шаңмен күресу үшін, суды тазарту үшін т.с.с орындарда кеңінен

қолданылады. Сондықтан да, БАЗ негізінде араласқан қоспаларды өңдеу және олардың шикізат шламының технологиялық қасиеттерін зерттеуде әсері, яғни жүйелердің тұтқырлық көрсеткіші реттелген бағытқа сәйкес келетін жана қоспалардың сұйылту номенклатураларын ұлғайтуға, цемент өндірісі процесін интенсивтендіруге анағұрлым мүмкіндік тузызады.

Химиялық реагенттердің сұйылтуға тизетін әсерінің негізгі критерииі цемент шикізат шламының ылғалдылығын төмендету болып табылады. Жұмыста Шымкент және Сас-Төбе цемент шикізат шламының БАЗ-дың әр түрлі концентрацияда,  $\text{Na}_2\text{SiF}_6$ ,  $\text{NaF}$  және тұздармен аралас беттік-активті заттардың әсерінен су сініргіштігінің төмендеуі көрсетілген[1].

Шымкент шикізат шламының ылғалдылығын фторлы натрий 3,8-3,9%-ке төмендетеді. БАЗ қосқанда шламының ылғалдылығы 4,0-4,1% азаяды. Беттік-активті зат құрамында  $\text{Na}_2\text{SiF}_6$  боған жағдайда ылғалдылықтың төмендеуі 0,50% СПС 6,6-7,5% қатты экстракт үшін 6,2-7,2% болады. СПС комплексті қоспа  $\text{NaF}$ -ке қарағанда фторлы натриймен эффективті әсері жоғары болады.

Шламды жақсы сұйылтады және оның ылғалдылығын 8,0-10,5%-ке төмендетеді, комплексті қоспа 0,2-0,5% фторлы натрий. Жеке беттік-активті заттар сияқты, комплексті БАЗ қоспасы және фтор құрамасы тұздар Сас-Төбе цемент зауытының шикізат шламының тиімді түрде пластификациялайды. 0,20-0,50% тері суын қосқанда шикізат шламының ылғалдылығы 6,6-8,8%-ке азаяды(кесте 1). Араласқан түрде СПС 0,5%  $\text{NaF}$  және әсіресе 0,50%  $\text{Na}_2\text{SiF}_6$  қосқанда қоспаның тиімділігі міндетті түрде өседі, 9,0-14,3% ке ылғалдылығы төмендейді. Лигносульфонат магний комплексті қоспаның сұйылтуға қабілеттілігі нашарлау.

Қатты экстракт  $\text{Na}_2\text{SiF}_6$  -ға да, сонымен қатар  $\text{NaF}$  -ке де жақсы әсер етеді, осыдан ылғалдылықтың төмендеуі 14,0-14,8%-ке жетеді. Комплексті қоспа негізінде цемент шикізат шламының көлемді сұйытылуын және компоненті қоспалардың сұйылтуға әсерін активтілігінен, аддитивтілігінен түсіндіруге болады. Шламының су сініргіштігі, сонымен қатар гидратты қабықтың түзілуі абсорбционды судың молекулярлы байланыс құрамының санына қатысты жоғары дәрежеде сұйылтады. Осыдан иммобилизацияны су маңызды рөл атқарады, яғни структурасын механикалық түрде айнала қоршап алады.

Адсорбциялық су жүйелердің гидрофилдігін анықтайты. Цемент шикізат шламына  $\text{NaF}$  және  $\text{Na}_2\text{SiF}_6$  қосқанда адсорбционды сумен байланысқан бос бөлшектердің салдарынан шлам ылғалдылы төмендейді. Осыдан шикізат шламында катион алмасу,  $\text{Ca}^+$  және  $\text{Na}^+$  катиондары фтор құрамынды тұздардың  $\text{Na}^+$  катионына алмасу жүреді, сазды агрегаттардың дифлокуляциялығы және катионды бөлшектердің зарядтары ұлғаяды.

Кесте 1- Шикізат шламының ылғалдылығының төмендеуі, абс %

Беттік-активті зат қоспасы	Қоспа мөлшері БАЗ, %	Тұзсыз БАЗ	$\text{Na}_2\text{SiF}_6$		$\text{NaF}$	
			0,20%	0,50%	0,50%	1,0%
<b>Шымкент цемент зауытының шламы</b>						
Қоспасыз	—	—	1,5	1,8	3,9	3,8
Тері суы	0,05	1,5	1,9	1,9	3,9	4,0
	0,20	3,4	4,2	4,5	4,2	4,1
	0,50	4,1	6,6	7,5	4,4	4,1
Қатты экстракт	0,05	1,5	2,5	2,5	5,0	4,6
	0,20	2,6	3,5	5,6	8,0	6,0
	0,50	4,1	6,2	7,2	10,5	8,7
Лигносулфонат магний	0,05	0,9	2,1	2,3	3,9	4,0
	0,20	2,6	3,7	3,9	4,4	4,2
	0,50	4,0	4,4	4,7	5,3	4,7

Фтор иондары нашар еритін кальций тұздарымен байланысып, ерітіндіден алшақтатылады. Шикізат шламына беттік-активті заттың ықпал жасауы – синтанның және лигносулфонат магнийдің бөлшектері иммобилизацияны судан босатылады. Комплексті қоспалардың сұйылту әсері өте жоғары мәнге ие болады. Зерттелініп отырған комплексті қоспалардың сұйылтуға жоғары қабілеттілігін және шикізат шламының ылғалдылығының едәуір төмендеуін беттік-активті заттардың фтор құрамды минерализаторлардың тұтас әсер етуімен, адсорбционды сияқты шламды сусpenцияның құрамының азаюымен және иммобилизацияны су сияқты онай түсіндіруге болады.

Беттік-активті зат қабығы шлам бөлшектеріне адсорбилиген, ол жұғылу рөлін атқарады және өазара жұғылуды арттырады. Шламды сұйылту және ылғалдылығын төмендету үшін синтан СПС анағұрлым тиімді болып табылады. Қатты экстракты зерттеу барысында сулы ерітіндіде ерімейтін тұнба түзілу салдарынан технологиялық жолдарға сәйкес келмейді деп есептеп келесі зерттеулерде шикізат шламына СПС және лигносульфонат магнийді аламыз.

Шламды сұғылған ауамен және белгілі мөлшердегі электр энергиясы арқылы үнемі араластыру қажет. Шикізат компоненті ретінде доменді және басқа шлактарды қолданғанда цемент шикізат шламы тұнуга және қолдануға өте бейім келеді. Шламның қолданылуы белгілі жағдай, өйткені сұйылту құрамында триполифосфат нтрий (ТФПН) бар. ТФПН қоспасы қосылған шлам уақыт өте келе оларда біртіндеп пептизация болады. Бірлік көлемде дисперсті бөлшектердің саны өседі, нәтижесінде дисперсті фазалардың меншікті бетінің әсерлесуі жоғарлайды. Шлам ылғалдылығы өте төмен болған жағдайда петиизация есебінен беттен тіліктен тек бос көлемі ғана сумен байланыспайды, сонымен бірге диффузионды қабаттан судың біраз бөлігін түзілген гидратты және соында дисперсті жүйелердің жайылуы азаяды. Тәжірибелер келесі жолмен жүргізіледі: МХТИ ТН-2 конусы бойынша жайылу 60мм болатында өлшеніп алынған құрғақ шламды қажетті мөлшерде су құямыз. Араластырған соң 4 минуттан кейін шламның жайылуы 0,5сағ 2 сағ, 1және 2 тәулікте анықтаймыз. Шламды кеүіп кетпейтін жерде сақтаймыз. Жайылуы анықтамай тұрып, алдын-ала оны 30 секундтай араластырдық, 1-2 тәуліккеке дайындалған қалған шламды міндетті тұрде (3-4 сағат бойында) араластырамыз.

Шымкент Сас-Төбе цемент шикізат шламына жеке және комплексті қоспалардың әсерінен ұзақ уақыт сақтағандағы жайылуының өзгеруі 2-кестеде көрсетілген. Кестеде көріп отырганымыздай, Шымкент цемент зауытының шикізат шламы ұзақ уақыт сақталуда жайылуын біртіндеп жоғалтады. Шламның біртіндеп қоюлануын беттік-активті зат қоспасымен қадағалап отырады. Сонында, Шымкент шикізат шламының сазды компонентін құрайтын монтмориллонит түзіледі, ол ісіну қабілеттілігіне ие болады. Бос судың біраз бөлігі, сонымен қатар диффузионды қабаттың сүйе, монтмориллониттің пакет аралық кеңістігінде жылжиды. Минералдардың пакет аралық кеңістігінде судың миграциясы дисперсті жүйелердің жайылуын төмендетеді [2,3].

Кесте 2-Шикізат шламын сақтау үшін жайылудың өзгеруіне қоспаның әсері

Қоспаның құрамы	Шламның жайылуы, мм				
	4 мин	30мин	2 сағ	1 тәулік	2 тәулік
<b>Шымкент цемент зауытының шламы</b>					
Шлам қоспасы (БАЗ-сыз)	59	54	53	53	52
III+0,2% тері суы+0,5% $\text{Na}_2\text{SiF}_6$	60	70	76	80	82
III+0,2% тері суы+1% NaF	60	62	63	65	68
III+0,2% ЛСМ+0,5% $\text{Na}_2\text{SiF}_6$	59	65	66	66	66
III+0,2% ЛСМ+0,5% NaF	60	60	63	64	65

$\text{Na}_2\text{SiF}_6$  негізінде комплексті қоспалар 1 тәулік өткен соң біртіндеп шламның жайылуына әкеледі (50-60мм-ден, 80-90мм-ге дейін).  $\text{Na}_2\text{SiF}_6$  әсерінен шламның жайылуының өсуі аз уақыт ішінде шламды араластыру қоспа аралығында және шикізат шламы катиондары катион алмасуға түгелімен кірісе алмайды. Кремний фторлы нтрийдің катион алмасу процесінде бір тәулік аралығында шектеулі еритін қосылыстар түзеді, берілген қоспалармен шламның одан ері сұйылтылуының тоқтатуын көрсетеді.

Шикізатты майдалау. Диірмендегі шикізат араласпасына (әк тасы-79,1%, лесс-19,47%, огорка-1,43%) (қанығу коэфициенті қк=0,90)) қажетті мөлшерде қоспа және су қосамыз. Майдаланғаннан соң 20 минуттан кейін 02 және 008 тордағы қалдықты анықтаймыз. Шламның ылғалдылығы әр уақытта 32% болады [5].

Кесте 3 - Шикізат материалдарын майдалауда коспаның әсері

Коспаның құрамы	Шламның жайылуы, мм	Тордағы каддымы%	
		0,2	008
Шлам шлам тері сүй	68	1,8	7,0
III+0,2% тері сүй+0,5% Na <sub>2</sub> SiF <sub>6</sub>	94	0,7	5,2
III+0,2% тері сүй+1% NaF	96	1,0	5,5
III+0,2% ЛСМ+0,5% Na <sub>2</sub> SiF <sub>6</sub>	93	0,5	5,6
III+0,2% ЛСМ+0,5% NaF	94	0,8	5,3

Алынған мәліметтерді талдай келе мынадай қорытынды жасауға болады: БАЗ зерттеуден – ситан; лигносульфонат магний – шикізатты майдалау процесін күштейді; материалдардың ірі фракцияларының құрамы азаяды, ал майда фракцияларының құрамы көбейеді. Фторлы және кремний фторлы натрийлі комплексті беттік-активті заттар майдалау процесін міндепті түрде тездедеді. 008 тордағы 7,0%-тен 5,2-5,6-ке дейін төмсендайді. Майдалау процесіндегі қоспаның әсерінен шикізат диірменінің өнімділігі жоғарлайды және электр энергия шығыны азаяды.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Карабаев К.К. Поверхностно-активные вещества в производстве вяжущих материалов. 1980.
- [2] Попова Н.И. и др Разработка способов снижения влажности цементно-сырьевого шлама // Труды Новочеркссого политехнического института. 1973.
- [3] Пономарев И.Ф. и др. Эффективное способы снижения влажности сырьевого шлама // Цемент, 1974.
- [4] Блох К.Б., Помарина А.А., Воробьева В.К. – Интенсификация процесса обжига кликера за счет применения высокоеффективных разжижителей.
- [5] Круглицкий Н.Н., Карабаев К.К., Касимов М.Н., Есжанова С.Е. Влияние комбинированных разжижителей на процессы разжижения цементно-сырьевого шлама –Вкн: // Химия и химическая технология вып 14, 1973. Алма-Ата.

#### REFERENCES

- [1] Karibaev K.K. Poverhnostno-aktivnye veshhestva v proizvodstve vjazhushhih materialov. 1980.
- [2] Popova N.I. i dr Razrobotka sposobov snizhenija vlazhnosti cementno-syr'ovogo shlama // Trudy Nvocherkssogo politehnicheskogo institut. 1973.
- [3] Ponomar'ev I.F. i dr. Jeffektivnoe sposoby snizhenija vlazhnosti syr'evogo shlama // Cement, 1974.
- [4] Bloh K.B., Pomarina A.A., Vorob'eva V.K. – Intensifikacija prcessa obzhiga klikerza schet primenenija vysokojeffektivnyh razzhizhitelj.
- [5] Kruglickij N.N., Karibaev K.K., Kasimov M.N., Eszhanova S.E. Vlijanie kombinirovannyh razzhizhitelej na processy razzhizhenija cementno-syr'vogo shlama –Vkn: // Himija i himicheskaja tehnologija vyp 14, 1973. Alma-Ata.

#### ВЛИЯНИЕ ПОВЕРХНОСТНО АКТИВНОГО ВЕЩЕСТВА НА ЦЕМЕНТНО-СЫРЬЕВОГО ШЛАМА

З.М. Керимбекова<sup>1</sup>, Э.Б. Ешаева<sup>2</sup>, Ж.Н. Ақильтекова<sup>2</sup>, Ш.К. Шапалов<sup>4</sup>,  
Н.А. Таубаев<sup>5</sup>, С.Б. Жуматаева<sup>6</sup>, Л.М. Оралбекова<sup>7</sup>

Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауезова г. Шымкент, Казахстан<sup>1,4,5,6,7</sup>  
Региональный социально-инновационный университет г. Шымкент, Казахстан<sup>2,3</sup>

Zaurekul.Maidanbekova1973@mail.ru

**Ключевые слова:** Поверхностно-активные вещества, шлам, влажность, танин, содержащие вещества, жесткий экстракт, лигно сульфонат магний.

**Резюме.** Основные критерии влияния химических реагентов является снижение влажности цементного сырьевого шлама. В работе цементных концентрации ПАВ Шымкента и Састобе с солями и ПАВ в водных паглотителях и смешанного сырье под воздействием различных шламов.

Поступила 21.01.2016 г.